

Молдажанова Панаркуль Каратаевна

**Арифметика және бастауыш
сыныптағы есептер мен
ұғымдар**

АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА



ӘОЖ 373
КБК 74.268
А 79

Құрастырушы автор: Молдажанова Панаркуль Каратаевна

Пікір жазған:

Омаров Д.К.- Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің оқытушысы, педагогика саласы бойынша Phd докторы

Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының оқу-әдістемелік кеңес мәжілісінде талқыланып, 2022 ж «18» қаңтар № 211 хаттамасымен мақұлданған және баспаға ұсынылған.

«Арифметика және бастауыш сыныптағы есептер мен ұғымдар»:
/автор. бағд /Құраст.авт; П. К. Молдажанова – Алматы «EDU print» жедел басу баспаханасы, 2022.

Кітап жалпы білім саласы қызметкерлеріне арналған.

құраст.Авт: П. К. Молдажанова
© «EDU print» жедел басу баспаханасы, 2022 ж

ISBN 978-601-02-0543-6

Түсінік хат

Математика сабақтарында көрнекілікті дұрыс пайдалану айқын көрсеткіш және санды түсініктердің, мазмұнды ұғымдардың қалыптасуына көмектеседі, оқушылардың логикалық ойлау және сөйлеу қабілетін дамытады, нақтылы құбылыстарды қарастыру және талдау негізінде, кейін практикада қолданылатын, тұжырымдарға келулеріне көмектеседі.

Ғылыми-техникалық және әлеуметтік прогресс жағдайында мектептің ролі бұрын-соңды болмаған дәрежеде артатындығы, мектептің - басты міндеті оқушыларға ғылым негіздерінен берік білім беру екендігі, олардың жоғары сана-сезімін қалыптастыру екендігі өмірге дайындау, саналы түрде мамандық таңдап ала білуге дайындау екендігі және орта білім беруді жетілдіре түсу мақсатымен мектепте берілетін білім мазмұнын қазіргі кездегі ғылым, техника және мәдениет жетістіктері мен талаптарына сәйкес ғылыми негізделген оқу жоспарын және бағдарламасын енгізу керек – деп орыс ғалымы Н. О. Вербицкая дәлелдеді.

Алға қойылған осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатымен соңғы жылдары мектепте білім беруді қайта құру жөнінде үлкен жұмыс істелді, соның нәтижесінде барлық пәндерден дерлік, оның ішінде математикадан да, жаңа бағдарлама енгізіліп, оқыту әдістері жетілдіре түсті. 1995 жылдан бастап мектептің бастауыш сыныптарында оқыту ісі жаңа бағдарламалар бойынша жүргізіле бастады.

Математиканы оқыту әдістемесі оқушыларға теориялық білімді игеру, алған білімін алуан түрлі практикалық мәселелерді шешу үшін қолдана білуге үйрену, оқушыларда берік дағды қалыптастыру жөнінде дәлелді ақыл-көнестер ұсынады. Сондай-ақ әдістемесінде математиканы оқытуда зор нәтижеге жету үшін балалардың оқу ісін қалай ұйымдастыру керектігі жөніндегі мәселелер айқындалады. Оқыту тәрбие беру сипатты екендігі белгілі, олай болса, методиканың міндеті - жаңа адамды тәрбиелеуге оқушылардың ақыл-ойының жетіліп дамуына көмектесетін оларды математикаға қызықтырып ынталандыратын мінез-құлқының жақсы болып қалыптасуына көмектесетін оқыту әдістерімен мұғалімді қаруландыру.

Авторлық бағдарламаның мақсаты:

Баланың танымдық қызығушылығын арттыру, функционалдық қасиеттерін дамыту, шығармашылыққа бейім құзыретті тұлғаның дамуына, логикалық ойлауды қалыптастыру болып табылады.

Авторлық бағдарламаның міндеттері:

- Математиканы үйренуге ынтасын арттыру, оқушыларды қызықтыру әрекеттерін қалыптастыру.
- Ойын дәлелді жеткізе білуге жаттықтыру.
- Математикалық сөйлеуді, логикалық ойлауды дамыту.
- Шығармашылық ізденіске жетелеу.
- Кез-келген есепті өз көзқарасы бойынша өзгертіп шығаруға жаттықтыру.
- Талдау, жинақтау, ұқсастықты табу, ерекшелікті ажырату әрекетін дамыту.
- Өз бетінше жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру.

Авторлық бағдарламаның өзектілігі: алған бағдарламада тапсырманы әр түрлі тәсілдермен шешуге, логикалық ойлауға, оның тереңдігі мен икемділігін қарқынды дамытуға ықпал етеді. Әртүрлі жолдармен есеп шығарудың негізін әзірлейді, тұлғалық –бағыттық тәсілді жүзеге асыруға ықпал етеді. Түрлі жолдармен есепті шешу оқушының өз бетінше айналысуына қосымша мүмкіндік туғызады, күнделікті өмірдегі кездейсоқ жағдаяттардан жол табу қабілеттерінің дамуын қалыптастыратын әрекеттерді дамыту бағытын ұстанады.

Оқытудың формасы мен әдіс – тәсілдері:

Пәннің негізгі өткізу формасы – сабақ. Ал оқушы өзі зерттеуші, белсенді қатысушы. Сабақ аптасына бір рет өткізіледі. Бір сабақтың ұзақтығы 40 минут. Әр сабақ сайын тапсырма қиындайды: көлемі көбейеді, тапсырманы орындау жылдамдығы артады. Оқушыға баға қойылмайды, бірақ ауызша бағаланады.

1. «Ми гимнастикасы» – мидың жұмыс істеу үшін көзге арналған жаттығулар.
2. Есте сақтау қабілеті мен зейінге арналған жаттығулар.
3. «Көңілді үзіліс».
4. Жаңа тақырыпты меңгеру.
5. Қалыптан тыс есептер немесе қисынды ізденіс тапсырмалар
6. Сабақты қорытындылау.

Күтілетін нәтиже:

- Бір таңбалы сандардың қосу мен көбейту кестесін;
- Жақшалы, жақшасыз сандық өрнектердегі арифметикалық амалдардың орындалу тәртібін;
- Арифметикалық амалдардың кері байланысы және тура теңдіктер қасиеттеріне негізделген теңдеуді шешу тәсілдерін еркін меңгереді.

Жаңартылған мазмұны негізіндегі нәтиже:

- өзінің даралығын сезініп, өзін-өзі дамыта білу;
- өз әрекетінің нәтижелерін бағалай білу;
- түйткілді мәселені шешудің ең тиімді жолдарын таба білу;
- оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, есте сақтау қабілетін шыңдау, оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыра білу.
- Оқушылар есептердің себебі мен салдарын айқындай біледі, дәстүрлі емес есептердің шығару жолын жүйелей біледі;
- Өзін-өзі реттеу, өзін-өзі тексеру, өзін-өзі бағалауды үйренеді.
- логикалық есептерді жылдам есептеу және есепті шығару жолының ретін сақтайды;
- Матаматиканы өмірмен байланысын анықтап, есептерін шығару жолындағы маңызды орнын түсінеді;
- Берілген есепті класификациялап, қарапайым есептерді құрастырады.